

## Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 17 ақпандағы № 97 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2014 жылы 4 сәуірде № 9294 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 28 шілдедегі № 627 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 28.07.2015 № 627 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 2030 қаулысымен бекітілген Денсаулық сақтау ұйымдарының шығындарын бюджет қаражатының есебінен өтеу ережесінің 3 және 15-тармақтарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қазандағы № 1358 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдау және оның шығындарын өтеу қағидаларының 70-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлеуді жүзеге асыру кезінде Қағидаларды басшылыққа алсын.

3. «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (Т.К. Нығыманов) тұрақты негізде «Амбулаториялық-емханалық көмек», «Ауылдық денсаулық сақтау саласы», «Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі», «Медициналық қызметтердің сапасын бақару жүйесі», «Жан басына шаққандағы нормативтің қосымша компоненті», «Тіркелген халық тіркелімі» порталының ақпараттық жүйелерін ақпараттық-техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті (Қ.Қ. Ермекбаев):

1) заңнамамен белгілеген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаменті (Д.Е. Асайынова) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Б.Т. Төкежановқа жүктелсін.

7. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының*  
*Денсаулық сақтау министрі* *С.Қайырбекова*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Д е н с а у л ы қ                      с а қ т а у                      м и н и с т р і н і ң  
2 0 1 4                      ж ы л ғ ы                      1 7                      а қ п а н д а ғ ы  
№                      9 7                      б ұ й р ы ғ ы н а  
қосымша

## **Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлеу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) халыққа тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің (бұдан әрі – ТМККК) қызметтері үшін осы Қағидаларда көрсетілген денсаулық сақтау субъектілеріне (бұдан әрі – денсаулық сақтау субъектілері) кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша ақы төлеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар үдерістің мынадай қатысушыларына қолданылады:

1) «Бекітілген халық тіркелімі» порталында тіркелген бекітілген халыққа медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін, ТМККК-ның амбулаториялық-емханалық қызметтерінің кешенін ұсынатын қалалық маңызы бар денсаулық сақтау субъектілері (бұдан әрі – МСАК субъектісі);

2) «Бекітілген халық тіркелімі» порталында тіркелген ауыл халқына облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтау басқармасы айқындайтын медициналық көмек нысандарының тізбесі бойынша ТМККК қызметтерінің кешенін ұсынатын аудандық маңызы бар және

ауылдың денсаулық сақтау субъектілері (бұдан әрі – ауыл субъектісі);

3) ТМККК көрсету бойынша қызметтер берушіні таңдауды және ТМККК-ның көрсетілетін медициналық көмегіне ақы төлеуді жүзеге асыратын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтау басқармалары (бұдан әрі – ДСБ);

4) Медициналық қызметтер көрсету саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық қызметті бақылау комитеті (бұдан әрі – МФҚБК) мен оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – МФҚБК АД);

5) Денсаулық сақтау субъектілерінің ТМККК қызметтерін көрсетуіне және жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компонентіне (бұдан әрі – ЖБНЫК) ақы төлеуге нысаналы ағымдағы трансфертті (бұдан әрі – НАТ) енгізу мен пайдалануды үйлестіруді және мониторингілеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық қызметке ақы төлеу комитеті (бұдан әрі – МҚАК) және оның аумақтық департаменттері (бұдан әрі – М Қ А К А Д ) ;

6) «Амбулаториялық-емханалық көмек» (бұдан әрі – «АЕК» АЖ), «Ауылдық денсаулық сақтау саласы» ақпараттық жүйелерін (бұдан әрі – АЖ), «Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі» (бұдан әрі – СНЭТ), «Медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі» (бұдан әрі - МҚСБЖ), «Жан басына шаққандағы нормативтің қосымша компоненті» (бұдан әрі – ЖБНҚК), «Бекітілген халық тіркелімі» (бұдан әрі – БХТ) порталын ақпараттық-техникалық сүйемелдеуді және денсаулық сақтау субъектілерімен ұйымдастыру-әдістемелік жұмысты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – РЭДО);

7) ТМККК көрсету бойынша денсаулық сақтау субъектілері қызметінің нәтижесін мониторингілеуді, талдауды және кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша ТМККК-ға ақы төлеу әдісін енгізудің медициналық-экономикалық тиімділігін бағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ДДРО);

8) «ҚазМедТех» акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 1238 қаулысына сәйкес қызметінің негізгі пәні қаржы лизингі шарттарында денсаулық сақтау субъектілеріне одан әрі тапсыру үшін медициналық техниканы сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізу болып табылатын «ҚазМедТех» акционерлік қоғамы (бұдан әрі –

Қ а з М е д Т е х ) .

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) ауыл субъектісі – мынадай әкімшілік-аумақтық бірліктерге кіретін денсаулық сақтау субъектілері: аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ, аудан;

2) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі (бұдан әрі – әкімші) – облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың денсаулық сақтау басқармалары;

3) есепті кезең – күнтізбелік бір айға (айдың бірінші күнінен бастап соңғы күніне дейін);

4) қосалқы мердігер – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қазандағы № 1358 қаулысымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету жөніндегі қызметтер берушіні таңдау және оның шығындарын өтеу қағидаларына (бұдан әрі - Қызметтер берушіні таңдау қағидалары), сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ТМККК шарты бойынша міндеттемелердің бір бөлігін орындау үшін денсаулық сақтау субъектісі қосалқы мердігерлік шартты жасасқан денсаулық сақтау субъектісі;

5) қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссия – көрсетілген ТМККК үшін ақы төлеуді жүзеге асыру үшін ДСБ-ның тиісінше өңірінің, МФҚБК АД-ның, МҚАК АД-ның, РЭДО филиалы қызметкерлерінің ішінен ДСБ құратын тұрақты әрекет ететін алқалық орган;

6) төлем құжаттары – шот-тізілім, шартты орындау хаттамасы мен орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісі.

## **2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлеу тәртібі**

4. ДСБ әкімшінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарлары көздеген қаражаттың шегінде Қазақстан Республикасының азаматтары мен оралмандардың денсаулық сақтау субъектісін еркін таңдау құқығын іске асыруды және көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылау нәтижесін есепке ала отырып жасалған ТМККК шартының негізінде ТМККК қызметтерін көрсеткені үшін ақы төлеуді (бұдан әрі – ТМККК қызметтеріне ақы төлеу) жүзеге асырады.

5. Көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылауды Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға, нормативтік құқықтық актілерге көрсетілетін медициналық қызметтердің

сәйкестігін бағалау мақсатында ТМККК шеңберінде көрсетілген медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың (бұдан әрі – мемлекеттік органдар) атынан:

кажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшыларды қатыстырумен медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау шеңберінде сапаны бақылауды және түпкілікті нәтиже индикаторларының мәніне әсер ететін МСАК қызметі үдерісінің индикаторларын мониторингілеуді жүзеге асыратын МФҚБК А Д ;

НАТ-ты енгізу мен пайдалануды үйлестіру мен мониторингілеу шеңберінде ауыл субъектілерінің халыққа ТМККК шеңберінде көрсететін медициналық көмектің көлемін бақылауды жүзеге асыратын МҚАК АД;

ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсетудің Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға, нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігін бағалауды ТМККК шарттарының шеңберінде жүзеге асыратын ДСБ жүзеге асырады.

6. ТМККК қызметтеріне ақы төлеу әкімші бекіткен тарифтер (бұдан әрі – ТМККК қызметінің тарифі) бойынша мыналар:

МСАК субъектілері үшін – АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативі б о й ы н ш а ;

ауылдың субъектілері үшін – ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша жүзеге асырылады.

7. Денсаулық сақтау субъектілері ТМККК шарты мен қосалқы мердігерлік шарттың сомалары шегінде денсаулық сақтау саласындағы стандарттарға сәйкес халыққа ТМККК медициналық қызметтерінің толық кешенін қамтамасыз етеді.

8. АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативі мен ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 26 қарашадағы № 801 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге кететін шығындарды жоспарлау мен тарифті құру әдістемесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 30 қарашадағы № 5946 тіркелген) (бұдан әрі – Әдістеме) сәйкес және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес шығындары МСАК субъектілері мен ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсеткен ТМККК амбулаториялық-емханалық қызметтері үшін кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша ақы төлеу кезінде есепке алынатын қызметтер тізбесі бойынша айына БХТ порталында тіркелген бекітілген бір адамға есептегенде а й қ ы н д а л а д ы .

9. АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативі мен ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив мемлекеттік кәсіпорынның,

жүз пайызы мемлекетке тиесілі (жарғы капиталындағы қатысу үлесімен) акционерлік қоғамдардың және шаруашылық серіктестердің ұйымдық-құқықтық нысанындағы денсаулық сақтау субъектілеріне қаржы лизингі шарттарында лизингілік төлемдерді төлеуге арналған шығыстарды қамтымайды.

10. ТМККК шеңберінде көрсетілген медициналық қызметтер үшін лизингілік төлемдерге ақы төлеуді ДСБ оларды уәкілетті органмен келісілген лизингілік төлемнің ай сайынғы мөлшерінің сомалары шегінде МСАК субъектісі немесе ауылдың субъектісі ҚазМедТех-пен жасаған қаржы лизингі шарты бойынша сатып алынған медициналық техниканы пайдаланумен көрсетілуі шартымен жүзеге асырылады.

11. МСАК субъектілеріне және ауылдың субъектілеріне ТМККК қызметтері үшін ақы төлеу АЖ-да («АЕК» АЖ, «Ауылдық денсаулық сақтау», ЖБНҚК) автоматтандырылған режимде қалыптастырылған, осы Қағидалармен айқындалған төлем құжаттарының негізінде ДСБ жүзеге асырады.

12. Ақпараттық жүйелерде деректерді қалыптастыруды мемлекеттік органның және денсаулық сақтау субъектісінің бірінші басшысының бұйрығымен айқындалған жауапты адамдар (бұдан әрі – АЖ бойынша жауапты адамдар) жүзеге асырады.

13. АЖ-ға деректерді енгізу нәтижесі бойынша деректер ДСБ-ға, МҚАК мен МҚАК АД-ға, МФҚБК мен МФҚБК АД-ға, ДДРО-ға, РЭДО мен оның филиалдарына, ҚазМедТех-ке, ғылыми-зерттеу ұйымдарына басқармалық шешімдерді қабылдауы үшін күн сайынғы мониторингілеу, талдау және бағалау үшін қолжетімді болады.

14. ДДРО, РЭДО және оның филиалдары АЖ-ның негізінде ДСБ, МҚАК мен МҚАК АД, МФҚБК мен МФҚБК АД үшін жасалған шарт шеңберінде талдамалы кестелерді қалыптастыруды, талдамалы есептерді немесе ақпаратты құруды және оларды ұсынуды қамтамасыз етеді.

15. ТМККК шеңберінде медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылауға тиісті пациенттердің медициналық карталарын Мемлекеттік органдардың сұратуы бойынша осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша денсаулық сақтау субъектілері сұрату келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күніне дейін ТМККК шеңберінде медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылауға тиісті пациенттердің медициналық карталарын, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өзге құжаттарды және олардың көшірмелерін ұсынады.

Медициналық карталарды сараптау оларды ұсынған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде жүргізіледі.

16. Денсаулық сақтау субъектілері онкүндік сайын осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МФҚБК АД-ға патологиялық-анатомиялық

қорытындыны қоса бере отырып ТМККК шеңберінде медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылауға тиісті өлім жағдайлары бойынша медициналық карталарды жібереді.

17. Сапа мен көлемді бақылауды өткізгеннен кейін МФҚБК АД, МҚАК АД және ДСБ онкүндік сайын денсаулық сақтау субъектілеріне тізімдеме бойынша медициналық карталарды қайтарады.

18. МФҚБК АД ДСБ-ға қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техника жұмысы тиімділігінің сараптамасын қоса, медициналық қызметтерді көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау шеңберінде өткізілген жоспарлы және жоспардан тыс тексерістердің нәтижесін сараптаманы аяқтаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

19. МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектілері қызметінің түпкілікті нәтиже индикаторларына (бұдан әрі – түпкілікті нәтиже индикаторлары) қол жеткізгені үшін МСАК қызметкерлерін ынталандыруға бөлінген ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етудің мониторингін жүргізу үдеріске қатысушылардың мынадай функцияларды орындаған жағдайда жүзеге асырылады :

1) МҚАК мен МҚАК АД :

Әдістемеге сәйкес ЖБНҚК-да индикаторлар мен ЖБНЫК сомалары мәндерінің есеп айырысуларын қалыптастыруды бағалау;

денсаулық сақтау басқармасының МСАК субъектілері мен ауыл субъектілеріне ЖБНЫК сомаларын уақтылы аударуын мониторингілеу;

МСАК субъектілері мен ауыл субъектілерінің өз қызметкерлеріне ЖБНЫК сомаларын уақтылы төлеуін мониторингілеу;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 10 қарашадағы № 689 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 24 қарашадағы № 5876 тіркелген) (бұдан әрі – ҚР ДСМ-нің № 689 бұйрығы) бекітілген Көрсетілетін медициналық көмектің көлеміне, сапасына қарай медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және салалық көтермелеу жүйесі қағидасына сәйкес ЖБНҚК деректерінің негізінде есепті кезең үшін қол жеткізілген түпкі нәтижелі индикаторларының қорытындысы бойынша МСАК қызметкерлеріне ЖБНЫК сомаларын бөлуді, оның ішінде МСАК субъектісі мен ауылдың субъектісіне шығу арқылы мониторингілеу мен бағалау;

2) МФҚБК мен МФҚБК АД :

ҚР ДСМ-нің № 689 бұйрығына сәйкес ЖБНҚК-дағы деректердің негізінде түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндеріне әсер ететін МСАК субъектісі мен ауыл субъектісі қызметі үдерісінің индикаторларын мониторингілеу;

3) ДСБ :

өңір деңгейінде ЖБНЫК жүйесін іске асыру;  
өңір деңгейінде үдеріске қатысушылардың қызметін үйлестіру;  
МСАК субъектілері мен ауыл субъектілерінің ЖБНЫК қаражатын нысаналы  
п а й д а л а н у ы н б а қ ы л а у ;

МСАК субъектілері мен ауыл субъектілері қызметінің түпкілікті нәтиже  
индикаторларының мәндеріне әсер ететін жағдайларды және МФҚБК-ға  
ұсынылған жағдайларды ЖБНҚК-да толығымен бөлуді мониторингілеу мен  
б а қ ы л а у ;

әрбір учаскенің бөлінісінде МСАК субъектілері мен ауыл субъектілері  
қызметі үдерісінің индикаторлары бойынша деректерді ЖБНҚК-да  
орналастыруды мониторингілеу мен бақылау;

қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссияның шешімі негізінде есепті кезең  
үшін қызметтің қол жеткізілген түпкілікті нәтиже индикаторларын бағалау  
қорытындысы бойынша МСАК субъектілері мен ауылдың субъектілеріне  
Ж Б Н Ы К с о м а л а р ы н а у д а р у ;

ҚР ДСМ-нің № 689 бұйрығына сәйкес, оның ішінде МСАК субъектісі мен  
ауылдың субъектісіне шығумен МСАК субъектілері мен ауыл субъектілерінің  
МСАК қызметкерлеріне ЖБНЫК сомаларын бөлуді мониторингілеу мен  
б а қ ы л а у ;

ЖБНЫК жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды әзірлеу мен енгізуге  
қ а т ы с у ;

ЖБНЫК мәселелері бойынша азаматтардың, МСАК субъектілері мен ауыл  
субъектілерінің өтініштерін қарау;

4) МСАК субъектілері мен ауылдың субъектілері;  
МСАК көрсетудің сапасын жоғарылату;

МСАК көрсетудің сапасын үздіксіз жоғарылату жүйесін жетілдіру бойынша  
басқармашылық шешімдерді қабылдау;

түпкілікті нәтиже индикаторларына әсер ететін МСАК субъектісінің қызметі  
үдерісінің индикаторларын бекіту;

ҚР ДСМ-нің № 689 бұйрығына сәйкес МСАК қызметкерлеріне ЖБНЫК  
сомаларын уақтылы төлеуді қамтамасыз ету.

**Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде  
қалалық маңызы бар денсаулық сақтау субъектілерінің халыққа  
көрсеткен амбулаториялық-емханалық көмектің медициналық  
қызметтері үшін кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша  
ақы төлеу тәртібі**



20. МСАК субъектілеріне ТМККК шеңберінде АЕК көрсеткені үшін ақы төлеу НАТ түріндегі республикалық бюджет қаражатының есебінен және жергілікті өкілдік органның шешімі бойынша қосымша бөлінген жергілікті бюджет қаражатының есебінен АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативі бойынша жүзеге асырылады.

21. МСАК субъектісінің АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативі жасалған ТМККК шартының негізінде:

1) АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативінің кепілдік берілген компоненті бойынша көзделген қаражат шегінде медициналық көмектің мынадай : дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған, медициналық-әлеуметтік түрлері бойынша МСАК пен ҚДК нысандарында бекітілген халыққа ТМККК-ның амбулаториялық-емханалық қызметтері кешенін қамтамасыз етуге;

2) ҚР ДСМ-нің № 689 бұйрығымен айқындалған тәртіппен ЖБНҚК бойынша көзделген қаражаттың шегінде уәкілетті орган бекіткен МСАК субъектілері қызметінің қол жеткізілген түпкілікті нәтиже индикаторлары үшін МСАК қызметкерлерін ынталандыруға (бұдан әрі – МСАК қызметкерлерін ынталандыру) арналған шығыстарды көздейді.

22. Ағымдағы қаржы жылына АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативі бойынша МСАК субъектілеріне берілетін қаржыландыру көлемі АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативін БХТ-да тіркелген бекітілген халық санына және ТМККК қызметтері көрсетілетін ағымдағы қаржы жылындағы айлардың санына көбейту жолымен айқындалады.

Есепті кезеңде МСАК субъектісін АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативі бойынша қаржыландыру көрсетілген қызметтердің көлеміне қарамайды.

23. МСАК субъектісі есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың оныншы күннен кешіктірмей ДСБ-ға «АЕК» АЖ-да қалыптастырылған, бірінші басшы қол қойған немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланумен қол қойылған МСАК субъектісінің шот-тізілімін береді.

24. ДСБ МСАК субъектісі қол қойған шот-тізілімнің, МФҚБК АД-ның жоспарлы және жоспардан тыс тексерістерінің (болған жағдайда), ЖБНҚК-да автоматтандырылған режимде есептелген түпкілікті нәтиже индикаторларына МСАК субъектісінің қол жеткізуінің нәтижелері негізінде «АЕК» АЖ-да қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссия қарайтын және қол қоятын МСАК шартын орындау хаттамасын қалыптастырады.

25. ДСБ МСАК шартын орындау хаттамасының негізінде «АЕК» АЖ-да екі данада екі тарап қол қоятын немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланумен қол қойылатын, бір данасы МСАК субъектісіне берілетін МСАК-тың орындалған (жұмыстарының) қызметтерінің актісін қалыптастырады.

26. МСАК-тың орындалған жұмыстарының (қызметтерінің) қол қойылған актілері бойынша ақы төлеуді ДСБ есепті кезеңнен кейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей (желтоқсан – 25-күнге дейін) ТМККК шартында көзделген көлем мен мерзімде бұрын төленген аванстың бір бөлігін ұстап қалуды есепке ала отырып, МСАК субъектісінің есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен жүзеге асырады.

27. Төлем құжаттарын қалыптастыру АЖ-ның негізінде АЖ бойынша жауапты адамдар мынадай функцияларды орындаған жағдайда жүзеге асырылады :

« А Е К » А Ж - д а :

1) ДСБ «Төлем жүйесі» модулінде: МСАК субъектілерімен жасалған ТМККК шарттарын енгізеді және растайды; есепті кезеңге мынадай төлем құжаттарын қалыптастырады: осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МСАК субъектісінің ТМККК көрсетуіне арналған шартты орындау хаттамасы (бұдан әрі – МСАК шартын орындау хаттамасы);

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МСАК субъектісі ТМККК шеңберінде көрсеткен орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісі ( бұдан әрі – орындалған МСАК жұмыстарының (қызметтерінің) актісі);

2) ҚазМедТех МСАК субъектілерімен жасалған қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдалануға арналған шарттарды енгізеді және растайды;

3) РЭДО Қызметтер берушіні таңдау қағидаларына сәйкес қалыптастырылған электрондық тізілімнің негізінде қосалқы мердігерлер мен олар көрсететін консультациялық – диагностикалық қызметтері (бұдан әрі - КДК) бойынша деректерді енгізеді және растайды;

4) М С А К с у б ъ е к т і с і :

күн сайын «Тіркеу бөлімі» модулінде дәрігерлердің қабылдау графигі мен кестесі, дәрігерге қабылдауға жазбалар, активтер мен үйге шақырулар, келіп түскен жолдамаларды бөлу бойынша мәліметтерді енгізеді;

күн сайын МСАК пен КДК мамандары халыққа көрсеткен амбулаториялық-емханалық қызметтерін дербестелген тіркеуді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қазандағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 тіркелген) (бұдан әрі - № 907 бұйрық) бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың мынадай нысандары негізінде жүзеге асырады: амбулаториялық пациенттің медициналық картасы (№ 025/е нысаны), амбулаториялық пациенттің картасы (№ 025-5/е нысаны және 025-9/е нысаны), профилактикалық медициналық тексеру (скрининг) үшін

амбулаториялық пациенттің картасы (025-8е нысаны), баланы профилактикалық медициналық тексерудің (скринингтің) статистикалық картасы (025-07е нысаны); күн сайын «Жолдамалар банкі» модулінде КДҚ-ға арналған ішкі және сыртқы жолдамаларды № 907 бұйрықпен бекітілген 001-4/е нысаны бойынша е н г і з е д і ;

«Төлем жүйесі» модулінде: жасалған қосалқы мердігерлік шарттарды оны жасаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді және растайды; осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдалану парағына қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техникада көрсетілген КДҚ-ның саны бойынша деректерді енгізеді; осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезең үшін ТМККК шеңберінде МСАК субъектісінің бекітілген халқына АЕК көрсеткені үшін шот-тізілімді (бұдан әрі – МСАК субъектісінің шот-тізілімі) қ а л ы п т а с т ы р а д ы ;

есепті кезеңге қосалқы мердігер бойынша мынадай төлем құжаттарын қ а л ы п т а с т ы р а д ы :

осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМККК шеңберінде МСАК субъектісінің бекітілген халқына КДҚ көрсетуге арналған қосалқы мердігерлік шартты орындау хаттамасы (бұдан әрі – қосалқы мердігерлік шартты о р ы н д а у х а т т а м а с ы ) ;

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ТМККК шеңберінде МСАК субъектісінің бекітілген халқына қосалқы мердігерлік шарт бойынша көрсетілген КДҚ-ның орындалған жұмыстарының (қызметтерінің) актісі (бұдан әрі – қосалқы мердігерліктің орындалған жұмыстарының (қызметтерінің) актісі);

есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 30-күніне дейін (желтоқсан үшін – 25 желтоқсанға дейін) бастапқы медициналық құжаттаманың негізінде есепті кезең үшін деректерді енгізеді және енгізудің нәтижесі бойынша осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес мынадай нысандар бойынша есептерді қалыптастырады:

МСАК субъектісінің АЕК көрсетуі кезіндегі кірістердің құрылымы;  
МСАК субъектісінің АЕК көрсетуі кезіндегі шығыстардың құрылымы;  
қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеу бойынша ақпарат;  
кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау бойынша ақпарат ;

МҚСБЖ-да МФҚБК АД МСАК субъектілері бойынша: есепті кезеңнен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей МСАК субъектілерінің бөлінісінде негізділігін көрсетумен МСАК қызметіне бекітілген халықтың арасындағы жеке тұлғалардың өтініштері (шағымдары) бойынша

д е р е к т е р

е н г і з е д і ;

есепті кезеңнен кейінгі төрт жұмыс күнінен кешіктірмей қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссияға ұсыну үшін осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезең үшін деректерді енгізу нәтижелері бойынша МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне жеке тұлғалардың негізделген өтініштері (шағымдары) жағдайлары бойынша есеп қалыптастырады;

Ж Б Н Қ К - д а :

1 ) М Қ А К :

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі мен Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімі арасында жасалған ағымдағы қаржы Келісімнің негізінде әр өңір бойынша ағымдағы қаржы жылына берілетін нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) сәйкес бекітілген ЖБНЫК-ның жоспарлы жылдық сомалары мен халықтың саны бойынша деректерді енгізеді және растайды;

Келісім негізінде ЖБНЫК-ның жылдық сомасын ДСБ-ның бөлгенін растайды ;

Келісімнің негізінде ДСБ-ның түпкілікті нәтиженің әр индикаторы бойынша нысаналы мәнді белгілеуін растайды;

2 ) Д С Б :

Келісімнің негізінде өңір деңгейінде нысаналы мәндерін белгілеу үшін түпкілікті нәтиженің индикаторлары бойынша деректерді енгізеді және растайды ;

Келісімнің негізінде өңірдің деңгейінде ЖБНЫК-ның жылдық сомасын айлық бөлу бойынша деректерді енгізеді және растайды;

есепті кезеңнің жабылуына дейін қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімінің негізінде түпкілікті нәтиже индикаторларының мәніне әсер ететін даулы жағдайларды (ана және бала өлімі жағдайларын, шағымдарды қоспағанда) нақты МСАК субъектілеріне жатқызу бойынша түзетулерді енгізеді;

есепті кезеңнің жабылуына дейін МСАК субъектілерінің бөлінісінде өңір бойынша есепті кезең ішінде түпкілікті нәтиже индикаторлары мен ЖБНЫК сомалары мәндерінің алдын ала автоматтандырылған есеп айырысуларын өткізеді, бұдан кейін енгізілген деректерді кез келген өзгерту мүмкін емес;

есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 10-күнінен кешіктірмей есепті кезеңнің жабылуын растайды, бұдан кейін енгізілген деректерді кез келген өзгертуге тыйым салынады. Егер БХТ-да бекіту ұйымдары мен бекіту учаскелері бойынша бөлінбеген жағдайлар болса, онда кезеңді жабу мүмкін емес;

қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссияның қарауы мен бекітуіне енгізу үшін МСАК субъектілерінің бөлінісінде қызметтің қол жеткізілген түпкілікті

нәтижелерін бағалау қорытындысын қалыптастырады;  
3) МФҚБК мен МФҚБК АД:

есепті кезеңнен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей жазатайым уақиғаларды қоспағанда, есепті кезең үшін барлық ана мен бала (7 күннен 5 жасқа дейінгі) өлімі жағдайлары бойынша:

- медициналық қызметтерді ұсыну саласындағы мемлекеттік бақылаудың нәтижесі бойынша МСАК деңгейінде жағдайлардың алдын алушылығы мен ЖБНЫК сомасын есептеуге олардың қатысуы туралы мәліметтерді;

- медициналық қызметтерді ұсыну саласындағы аяқталмаған мемлекеттік бақылауға байланысты есепті кезеңде ЖБНЫК сомасын есептеуге қатыспайтын жағдайлар туралы мәліметтерді тіркейді.

есепті кезеңнен кейін төрт жұмыс күнінен кешіктірмей қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссияға ұсынуға есепті кезең үшін деректерді енгізу бойынша мынадай:

осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МСАК деңгейіндегі ана өлімі жағдайлары бойынша;

осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МСАК деңгейіндегі бала өлімі жағдайлары бойынша есептерді қалыптастырады;

4) РЭДО:

күн сайын әрбір МСАК субъектісі бойынша және оның аумақтық учаскелерінің бөлінісінде түпкілікті нәтиже индикаторларының мәндеріне әсер ететін медициналық көмек көрсету жағдайлары бойынша БХТ, МҚСБЖ, ОНЭТ АЖ-ның дерекқорларынан автоматтандырылған режимде деректерді нақты жүктеуді қамтамасыз етеді;

ай сайын есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 3-күнінен кешіктірмей өткен айдың 25-күнінен бастап ағымдағы есепті айдың 25-күніне дейінгі кезең үшін өзара іс-қимыл сервисін іске асырған жағдайда автоматтандырылған режимде немесе осы сервис жоқ кезде қол режимінде «Туберкулезбен ауыратындардың ұлттық тіркелімі» немесе «Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі» дерекқорынан деректерді нақты жүктеуді қамтамасыз етеді;

есепті айдан кейінгі келесі айдың 5-күнінен кешіктірмей қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссияға ұсыну үшін осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша түпкілікті нәтиже индикаторлары мен ЖБНЫК сомалары мәндерінің есеп айырысуы үшін ақпараттық жүйелерден деректерді жүктеудің нақтылығы мен дұрыстығы бойынша есеп қалыптастырады;

5) МСАК субъектісі:

ДСБ есепті кезеңді жапқан күнінен кейінгі келесі бір жұмыс күнінен кешіктірмей есепті кезең үшін есеп айырысулардың нәтижесі бойынша алынған ЖБНЫК-ның жалпы сомасынан 5%-дан кем емес мөлшерде МСАК

қызметкерлерін біліктілігін арттыруға жіберу үшін жоспарланып отырған шығыстардың сомалары туралы деректерді енгізеді;

ДСБ есепті кезең жабылған күннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей есепті кезеңнің жабылуын растайды, бұдан кейін енгізілген деректерді кез келген өзгерту мүмкін емес және аумақтық учаскелердің бөлінісінде МСАК қызметкерлеріне түпкілікті нәтиженің индикаторлары мен ЖБНЫК сомаларының мәндерін автоматтандырылған есептеуді жүзеге асырады; түпкілікті нәтиже индикаторларының мәніне әсер ететін нақты жағдай бойынша бекіту учаскесі туралы ақпарат болмаған жағдайда БХТ-ға деректерді е н г і з е д і ;

есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 25-күніне дейін осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша № 689 бұйрығына сәйкес МСАК қызметкерлерін ынталандыру бойынша ЖБНЫК сомаларын бөлу нәтижесі бойынша есепті ай үшін жиынтық деректерді енгізеді және медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісінің қызметкерлеріне ЖБНЫК сомаларын бөлу бойынша есеп қалыптастырады;

### **ТМККК шеңберінде ауылдың субъектілерінің халыққа медициналық көмек көрсеткені үшін ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша ақы төлеу тәртібі**

28. Халыққа ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсеткені үшін ауылдың субъектілеріне ақы төлеу НАТ түріндегі республикалық бюджет қаражаты мен жергілікті бюджет қаражатының есебінен ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша жүзеге асырылады.

29. Ауыл субъектісінің ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативі жасалған ТМККК шартының шеңберінде:

1) ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің кепілдік берілген компоненті бойынша көзделген қаражаттың шегінде медициналық көмектің мынадай: МСАК, КДК, жедел медициналық көмек, стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек нысандарында көрсетілетін дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған, медициналық-әлеуметтік түрлері бойынша ауыл халқына ТМККК қызметтерінің к е ш е н і н қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

2) МСАК қызметкерлерін ынталандыруға арналған шығыстарды көздейді.

30. Ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің мөлшері ДСБ бекітетін медициналық көмектің нысандары (МСАК, КДК, жедел медициналық көмек, стационарды алмастыратын көмек, стационарлық көмек)

б о й ы н ш а

а й қ ы н д а л а д ы .

31. Ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің е с е п а й ы р ы с у ы :

МСАК көрсететін ауылдың субъектілеріне БХТ-да бекітілген халықтың саны б о й ы н ш а ;

МСАК көрсетпейтін ауылдың субъектілеріне осы өңір бойынша БХТ-да бекітілген халықтың саны бойынша жүзеге асырылады.

32. Ағымдағы қаржы жылына ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша ауылдың субъектілеріне берілетін қаржыландыру көлемі 31-тармаққа сәйкес ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативті халық санына және ТМККК қызметтері көрсетілетін ағымдағы қаржы жылындағы айлардың санына көбейту жолымен а й қ ы н д а л а д ы .

Есепті кезеңде ауылдың субъектісін ауыл халқына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша қаржыландыру көрсетілген қызметтер к ө л е м і н е н т ә у е л с і з .

33. Ауылдың субъектісі бойынша стационарлық және стационарды алмастыратын көмектің сапасы мен көлемін бақылау осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес көрсетілген стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылау нәтижесі бойынша шешіп алынуы тиіс және ақы төлеуге, оның ішінде ішінара ақы төлеуге жатпайтын жағдайлардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес:

1) СНЭТ-тен автоматтандырылған сұрыптау нәтижесі бойынша жағдайларды с а р а п т а у ;

2) кездейсоқ таңдау әдісімен немесе нысаналы топтарды сұрыптаумен ақы төленуі тиіс емделіп шығу жағдайларын сараптау;

3) медициналық картаны сұрату жолымен немесе денсаулық сақтау субъектісіне шығу кезінде көрсетілген медициналық көмектің сипатын, көлемі мен сапасын көрсететін, жекелеген адамдар денсаулығының жай-күйі туралы деректердің жазбасы үшін арналған бастапқы медициналық құжаттаманы (бұдан әрі – медициналық карта) сараптау негізінде жүргізіледі.

34. РЭДО күн сайын МҚСБЖ-да автоматтандырылған сұрыптаудың негізінде ауыл субъектісінің емдеуі нәтижесінде туындаған асқыну жағдайларын б а ғ а л а у д ы ж ү р г і з е д і .

35. МФҚБК АД РЭДО-ның бағалауы, сапа мен көлемді бақылау қорытындысы бойынша МҚСБЖ-да осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өлім жағдайларын қоспағанда, есепті кезең үшін РЭДО-ның бағалауынан кейін сапасы бақылаудан өткен асқынулары бар емдеуге жатқызу жағдайларының тізбесін қалыптастырады.

36. МФҚБК АД осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек деңгейіндегі медициналық көмектің сапасын сараптамалық бағалау парағының негізінде МҚСБЖ-да осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті және өткен кезеңдер үшін сапаны бақылау нәтижесі бойынша өлім жағдайларының тізбесін қалыптастырады.

37. МФҚБК АД осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл субъектілерінің стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсетуі кезіндегі ТМҚКҚ қызметтерінің сапасы мен көлемін бақылау нәтижесі бойынша жағдайлардың тізбесін (бұдан әрі – МФҚБК АД тізбесі) қалыптастырады.

38. МҚАК АД :

осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл субъектілері стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсетуі кезіндегі ТМҚКҚ қызметтерінің көлемін бақылау нәтижесі бойынша жағдайлардың тізбесін қалыптастырады (бұдан әрі – МҚАК АД тізбесі);

МФҚБК АД тізбесі мен МҚАК АД тізбесі деректерінің негізінде Жиынтық тізбені қалыптастырады.

39. МҚАК АД ДСБ-ға есепті кезеңнен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей МҚАК АД мен МФҚБК АД-ның бірінші басшыларының қол қоюымен куәландырылған және мөрлерімен бекітілген Жиынтық тізбені ұсынады.

40. РЭДО Жиынтық тізбеге талдамалы кестелерді қалыптастырады және ДСБ-ға ай сайын есепті кезеңнен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.

41. Ауылдың субъектісі есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 10-күнінен кешіктірмей ДСБ-ға «Ауылдық денсаулық сақтау» АЖ-да қалыптастырылған, бірінші басшы қол қойған немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланумен қол қойылған ауыл субъектісінің шот-тізілімін жібереді.

42. ДСБ «Ауылдық денсаулық сақтау» АЖ-да ауыл субъектісі қол қойған шот-тізілімінің, МФҚБК АД-ның жоспарлы және жоспардан тыс тексерістерінің нәтижелері (болған жағдайда), Жиынтық тізбенің және ЖБНҚК-да автоматтандырылған режимде есептелген түпкілікті нәтиже индикаторларына ауыл субъектісінің қол жеткізу нәтижелері негізінде қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссия қарайтын және қол қоятын ауыл субъектісінің ТМҚКҚ шартын орындау хаттамасын қалыптастырады.

43. ДСБ «Ауылдық денсаулық сақтау» АЖ-да ауыл субъектісінің шартын орындау хаттамасының негізінде екі данада екі тарап қол қоятын немесе электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдаланумен қол қойылатын, бір данасы ауылдың субъектісіне берілетін ауыл субъектісінің ТМҚКҚ шеңберінде көрсетілген орындалған жұмыстарының (қызметтерінің) актісін қалыптастырады.



44. Ауыл субъектісінің орындалған (жұмыстарының) қызметтерінің қол қойылған актілері бойынша ақы төлеуді ДСБ есепті кезеңнен кейін күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей (желтоқсан – 25-күнге дейін) ТМККК шартында көзделген көлем мен мерзімде бұрын төленген аванстың бір бөлігін ұстап қалуды есепке ала отырып, ауыл субъектілерінің есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен жүзеге асырады.

45. Төлем құжаттары мен Жиынтық тізбені қалыптастыру АЖ-ның негізінде АЖ-ның жауапты адамдарының мынадай функцияларды орындауы кезінде жүзеге асырылады:

«Ауылдық денсаулық сақтау» АЖ-да:  
1) ДСБ:

ауылдың субъектілерімен жасалған ТМККК шарттарын енгізеді және растайды;

есепті кезеңге мынадай төлем құжаттарын қалыптастырады:  
осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл субъектісінің ТМККК шартын орындау хаттамасы

осы Қағидаларға 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыл субъектілері ТМККК шеңберінде көрсеткен орындалған жұмыстардың (қызметтердің) актісі;

2) ҚазМедТех ауыл субъектілерімен жасалған қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдалануға арналған шарттарды енгізеді және растайды;

3) ауылдың субъектісі:  
жасалған қосалқы мердігерлік шарттарды оны жасаған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей енгізеді және растайды;

ай сайын ҚР ДСМ-нің № 907 бұйрығымен бекітілген бастапқы медициналық құжаттаманың нысандары негізінде жедел медициналық көмек көрсету бойынша жиынтық деректерді енгізеді;

осы Қағидаларға 25-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезең үшін ауыл субъектісінің бекітілген халыққа ТМККК шеңберінде медициналық көмек көрсеткені үшін шот-тізілімді (бұдан әрі – ауыл субъектісінің шот-тізілімі) қалыптастырады;

есепті кезеңнен кейінгі келесі айдың 30-күніне дейін (желтоқсан үшін – 25 желтоқсанға дейін) бастапқы қаржы құжаттамасы негізінде есепті кезең үшін деректерді енгізеді және енгізу нәтижесі бойынша осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес мынадай нысандар бойынша есептерді қалыптастырады:

ауыл субъектілерінің медициналық көрсетуі кезіндегі кірістердің құрылымы;  
ауыл субъектілерінің медициналық көрсетуі кезіндегі шығыстардың құрылымы;

қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеу бойынша ақпарат;

кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау бойынша ақпарат ;

есепті кезеңге қосалқы мердігер бойынша мынадай төлем құжаттарын қ а л ы п т а с т ы р а д ы :

осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МСАК субъектісінің бекітілген халқына ТМККК шеңберінде КДҚ көрсетуге арналған қосалқы мердігерлік шартты орындау хаттамасы;

осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МСАК субъектісінің бекітілген халқына қосалқы мердігерлік шарт бойынша ТМККК шеңберінде көрсетілген КДҚ-ның орындалған жұмыстарының (қызметтерінің) актісі;

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техниканы пайдалану парағына қаржы лизингі шарттарында сатып алынған медициналық техникада көрсетілген КДҚ-ның саны бойынша деректерді енгізеді.

М Қ С Б Ж - д а :

1) ДДРО ауылдың субъектілері бойынша ДДРО-ның бағалауынан кейін сапасы бақылануға тиісті емдеуге жатқызу жағдайларының тізбесін қ а л ы п т а с т ы р а д ы ;

2) МФҚБК АД ауылдың субъектілері бойынша: стационарлық науқастардың қайтыс болу жағдайлары бойынша сараптамалық қорытындыны бекітеді;

стационарлық және стационарды алмастыратын көмектің сапасын бақылауды жоспарлы және жоспардан тыс тексерулердің нәтижесін енгізеді;

есепті кезеңнен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей МСАК субъектілері мен ауылдың субъектілері бөлінісінде негізділігін көрсетумен бекітілген халық арасында МСАК қызметіне арналған жеке тұлғалардың өтініштері (шағымдары) б о й ы н ш а деректерді е н г і з е д і ;

есепті кезеңнен кейін төрт жұмыс күнінен кешіктірмей қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссияға ұсыну үшін осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезең үшін МСАК көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің қызметіне жеке тұлғалардың негізделген өтініштері (шағымдары ) жағдайлары бойынша есеп қалыптастырады;

3) МҚАК АД ауылдың субъектілері бойынша есепті кезеңнен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей қызметтерге ақы төлеу жөніндегі комиссияға ұсыну үшін осы Қағидаларға 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезең үшін ТМККК медициналық қызметтерінің сапасы мен көлемін бақылау нәтижесі бойынша жағдайлардың жиынтық тізбесін (бұдан әрі – Жиынтық тізбе) қ а л ы п т а с т ы р а д ы .

СНЭТ-те ауылдың субъектісі:

